



**Автор:** Кенжебекова Айгул Арыстановна  
**Пән:** Әдебиеттік оқу  
**Сынып:** 4-сынып  
**Бөлім:** Қоршаған ортаны қорғау  
**Тақырып:** Суасты тіршілігіне қамқорлық

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.3.1 Шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау,автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу
Сабақтың мақсаты:	Мәтіннің негізгі ойын анықтай алады .Кейіпкердің іс -әрекетін бағалай алады . Қажетті ақпараттарды тауып, талдау жасап оқи алады Тақырыпқа қатысты өз ойын дәлелдей алады .
Тілдік мақсаттар:	Берілген тақырып бойынша мәтін мазмұнын айта алады
Күтілетін нәтиже:	Мәтіннің негізгі ойын анықтай алады .Кейіпкердің іс -әрекетін бағалай алады .
Бағалау критерийлері:	Мәтіннің негізгі ойын деректер келтіре отырып дәлелдейді
Құндылықтарды дарыту:	Жауапкершілік, белсенді азаматтық ұстаным танытуға баулу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта
Пәнаралық байланыс:	дүниетану
Бастапқы білім:	қоршаған орта туралы ,оған нелер жататындығы туралы біледі

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Психологиялық дайындық. "Балық аулау " ойыны арқылы бір-біріне тілектер айтады . Табиғатқа көмектесу үшін өзің қандай іс-әрекеттер жасадың ?	
Сабақтың ортасы (20 минут)	"Пікіріңді айт " айдары -Суасты жануарларының тіршілігіне қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін ? -Суда тіршілік ететін жануарларға адамның қамқорлығы қажет пе ? ҚБ: "Басбармақ " "Түсініп оқы " айдары "Балықтарға көмек " әдісі бойынша мәтінмен таныстыру .Болжау әдісі бойынша оқушылар мәтіннің бір бөлігін оқып болғаннан кейін , олардың ойларынша әрі қарай не болатынын болжайды .Оқушылар оқылған мәтінде келтірілген өз болжамдарына негіз болған ойларға сүйене отырып ,өз болжамдарын дәлелдеулері тиіс . Сөздікпен жұмыс . "Біліміңді қолдан " айдары -Бұл жануарлардың қайсысы туралы қызықты ақпарат айта аласың ? Дискриптор: -Сұраққа жауап береді ҚБ: "Ду қол шапалақ "	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (7 минут)	<p>"Қорытындыла " айдары</p> <p>-Жануарлар тіршілігінің қиындықтарын шешу не үшін керек ?</p> <p>Жіңішке сұрақ ?</p> <p>- Мақсат пен әкесі жылым жасау үшін қандай құралды пайдаланады ?</p> <p>-Қандай балықтарды білесің ?</p> <p>Жуан сұрақ</p> <p>-Оттегі деген не ?</p> <p>-Балық аулауға тыйым салынатын мерзім болуы мүмкін бе ?</p>	
Рефлексия (6 минут)	<p>"Ойлан " айдары .Қыста балықтарға көмек керектігін бұған дейін естіп, білдің бе ?</p> <p>-Жылымды не үшін жасау керек ?</p>	